



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Ерлан ҚАРИН,
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы.

КОНСТИТУЦИЯҒА ЕНГІЗІЛЕТІН ТҮЗЕТУЛЕР БОЙЫНША БАҒЫТ-БАҒДАР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ата Заңға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар жобасы бойынша биылғы 5 маусымда республикалық референдум өткізу туралы Жарлыққа қол қойды.

Конституциялық реформа – Президенттің наурыз айындағы Қазақстан халқына Жолдауында айтылған саяси реформалар бағдарламасын жүзеге асыру үшін қолға алынған маңызды іс-шара.

Конституциялық түзетулер жобасы азаматтардың сұранысына негізделген және бүкіл қоғамның мүддесі үшін жүзеге асырылмақ. Ата Заңға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар жобасын белгілі заңгер-құқықтанушылар және конституциялық құқық саласының мамандары әзірледі. Оған Конституциялық Кеңес оң бағасын берді.

Конституцияға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың бәрі өзара байланысты және бір мақсатты көздейді. Атап айтқанда, мынадай үдерістерге құқықтық негіз қалыптастыруға арналған:

Суперпрезиденттік басқару үлгісінен президенттік республикаға түбегейлі көшу;

Бірқатар билік өкілеттігін қайта бөлу;

Парламенттің рөлін күшейтіп, мәртебесін арттыру; Елді басқару ісіне халықтың қатысу мүмкіндігін кеңейту;

Азаматтардың құқықтарын қорғау тәсілдерін жетілдіру.

«Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы республикалық баспасөзде 6 мамыр күні ресми түрде жарияланды.

Конституцияның қазіргі және жаңа нұсқаларының айырмашылығын түсіну, ұсынылып отырған көптеген түзетудің байыбына бару мұндай істен хабары аз адам үшін қиындық туғызатыны анық.

Сондықтан жұртқа ұғынықты болу үшін бұл түзетулер Ата Заңның нақты баптары мен тармақтары көрсетілген бірнеше бөлікке бөлінген.

Суперпрезиденттік басқа-

ру үлгісінен президенттік республикаға түбегейлі көшу

Конституциялық реформа билік тармақтары арасындағы қарым-қатынастың тепе-теңдігін және оңтайлы болуын қалыптастырады. Сондай-ақ президенттік институттың барынша дербес болуын қамтамасыз етеді.

Ата Заңымыздың 43-бабына 3-тармақ қосылады. Онда Қазақстан Республикасының Президенті өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезеңінде саяси партияда болмауға тиіс деп көрсетіледі. Осы логикаға сәйкес Конституциялық Соттың, Жоғарғы Соттың және өзге де соттардың төрағалары мен судьяларына, Орталық сайлау комиссиясының, Жоғары аудиторлық палатасының төрағалары мен мүшелеріне де осындай тыйым салынады (Конституцияның 23-бабы 2-тармағының жаңа редакциясы). Соның нәтижесінде саяси бәсеке артып, барлық саяси партияны дамытуға бірдей жағдай қалыптасады, дербес әрі әділ шешім қабылдауға жол ашылады.

Мемлекет басшысы барлық азаматқа тең мүмкіндік берілуінің мызғымас кепілі болуға тиіс. Сол себепті Конституцияның 43-бабына 4-тармақ қосылады. Онда «Президенттің жақын туыстары мемлекеттік саяси қызметшілердің, квазимемлекеттік сектор субъектілері басшыларының қызметтерін атқаруға қақысы жоқ» деп көрсетіледі.

Жұмыс тобы мүшелерінің ұсынысы бойынша Тұңғыш Президенттің Президент лауазымына қатарынан екі реттен көп сайлануына мүмкіндік беретін баптың (Конституцияның 42-бабы 5-тармағының жаңа редакциясы), сондай-ақ Тұңғыш Президенттің мәртебесі мен өкілеттіктері Конституциямен және конституциялық заңмен айқындалатыны туралы 46-баптың 4-тармағы Ата Заңнан алынып тасталмақ.

(Жалғасы 4-бетте).



«АУЫЛ-ЕЛ БЕСІГІ» жобасы 100-ден астам елді мекенді қамтиды

Түркістан облысы бойынша «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында биыл 249 жоба іске асырылып, 400 мыңнан астам тұрғын тұратын 105 елді мекендегі әлеуметтік-инфрақұрылымдық нысандардың жағдайы жақсартып болады. Бұл мақсатта қазынадан 16,7 млрд. теңгеге жуық қаражат қарастырылған. Жобаның жүзеге асу барысы Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеевтің төрағалығымен өткен апталық аппарат отырысында баяндалды.

«Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында биыл өңірде 11 фельдшерлік-акушерлік бекет және 1 дәрігерлік амбулатория, 11 мектепке қосымша ғимарат салынбақ, 7 спорт нысаны бой көтеріп, бір спорт нысаны, 23 мектеп күрделі жөндеуден өтеді. 13 мәдениет нысаны салынады. 9 табиғи газ және 8 электр қуатымен жабдықтау нысандарының құрылысы жүргізіледі. 168 ішкі көшелер орташа жөн-

деуден өтеді. 200-ден астам жаңа нысан жыл соңына дейін пайдалануға беріледі. Жобаның іске асырылуы тұрақты бақылауда.

Облыс әкімі жоспарланған барлық жобалардың уақытында іске асырылуын қамтамасыз етуді тапсырды. Жұмыс барысын күшейтіп, тұрақты мониторинг жүргізуді жүктеді.

«Ауыл – ел бесігі» жобасының негізгі мақсаты – ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын жақсарту.

Жиында бюджетке түсімдер түсіру және бюджетті игеру барысы да талқыланды. Түркістан облысы жылдық бюджетті игеру бойынша республикада алдыңғы орында келеді. Өңір басшысы қаржыны тиімді игеріп, ел үшін маңызды жобалар мен құрылыс жұмыстарын жалғастыруды тапсырды.

«Оңтүстік Қазақстан» газетінен.

Хабарландыру



Түркістан облысы әкімі аппаратының Әдеп жөніндегі уәкілі Исаев Мақсат Шамансұрұлы Созақ ауданы әкімі аппаратында жеке қабылдау өткізеді.

Жеке қабылдау: 2022 жылдың 20 мамыр күні сағат 12:00 де өтеді.

Ескерту: қабылдауға жазылу үшін төмендегі байлаласыздар: 8 172546/ 7-92-04, 87004679204, 87026080849

Өтетін орны: Созақ ауданы әкімі аппараты ғимараты, Жібек жолы көшесі №16.

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
ЖАРЛЫҒЫ

2022 жылғы 5 маусымда республикалық референдум өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Конституцияның 91-бабының 1-тармағына және «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 18-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:** 2022 жылғы 5 маусымда республикалық референдум өткізілсін.

2. «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы «2022 жылғы 6 мамырда бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасында баяндалған Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайсыз ба?» деген тұжырымдағы сауал қойылып, республикалық референдумға шығарылсын.

3. Осы Жарлық және «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы 2022 жылғы 6 мамырда бұқаралық ақпарат құралдарында ресми түрде жариялансын.

4. Республикалық референдумды ұйымдастыру мен өткізу Референдумның орталық комиссиясының қызметін атқаратын Орталық сайлау комиссиясына, сондай-ақ референдумның аумақтық және учаскелік комиссияларының қызметін атқаратын аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларына жүктелсін.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясымен, Қазақстан Республикасының басқа да орталық мемлекеттік органдарымен және жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп, республикалық референдумды ұйымдастыру мен өткізу жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

6. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ.

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2022 жылғы 5 мамыр № 888.

(Жалғасы 2-3 беттерде).

ЖОБА

«Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

(Соңы. Басы 1-2-беттерде).

VI бөлімнің тақырыбындағы «Кеңес» деген сөз «Сот» деген сөзбен ауыстырылсын.

71-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«71-бап

Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты Төрағаны қоса алғанда, он бір судьядан тұрады, олардың өкілеттігі алты жылға созылады.

Бір адам Конституциялық Соттың судьясы болып қатарынан екі реттен артық тағайындала алмайды.

Конституциялық Соттың Төрағасын Парламент Сенатының келісімімен Республиканың Президенті тағайындайды.

Конституциялық Соттың төрт судьясын – Республика Президенті, Конституциялық Соттың үш-үш судьясын тиісінше Сенат пен Мәжіліс тағайындайды.

Республика Президенті Конституциялық Сот Төрағасының ұсынуымен Конституциялық Сот Төрағасының орынбасарын Конституциялық Сот судьяларының арасынан тағайындайды.

Конституциялық Соттың судьясы қызметі депутаттық мандатпен, оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметтен басқа, өзге де ақы төленетін қызметтерді атқарумен, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кірумен сыйыспайды.

Конституциялық Соттың судьяларын өздерінің өкілеттігі мерзімі ішінде тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыстар жасаған реттерді қоспағанда, Парламенттің келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды.

Конституциялық Соттың ұйымдастырылуы мен қызметі конституциялық заңмен реттеледі.»

72-бапта:

1) 1 және 2-тармақтардағы «Кеңес» деген сөз «Сот» деген сөзбен ауыстырылсын;

2) мынадай мазмұндағы 3, 4 және 5-тармақтармен толықтырылсын:

«3. Конституциялық Сот азаматтардың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарын тікелей қозғайтын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Республика Конституциясына сәйкестігін олардың өтініштері бойынша қарайды.

Азаматтардың Конституциялық Сотқа жүгіну тәртібі мен шарттары конституциялық заңда айқындалады.

Конституциялық Сот осы баптың 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген мәселелерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Республика Конституциясына сәйкестігін Республика Бас Прокурорының өтініштері бойынша қарайды.

Конституциялық Сот Конституцияда бекітілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің Республика Конституциясына сәйкестігін Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өтініші бойынша қарайды.»

73-бапта:

1) 1 және 2-тармақтардағы «Кеңеске» деген сөз «Сотқа» деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Конституциялық Сот өз шешімін конституциялық заңда



белгіленген мерзімдерде шығарылады.»

74-бапта:

1) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Конституциялық Сот шешім қабылдаған күннен немесе ол белгілеген күннен бастап конституциялық емес деп танылған, оның ішінде адамның және азаматтың Конституцияда баянды етілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп танылған заңдар мен өзге де құқықтық актілердің, олардың жекелеген ережелерінің күші жойылады және қолданылуға жатпайды.»

2) 3-тармақтағы «Кеңестің» деген сөз «Соттың» деген сөзбен ауыстырылсын.

VII бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«VII бөлім

Соттар және сот төрелігі. Прокуратура. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл.»

78-баптағы «Кеңеске» деген сөз «Сотқа» деген сөзбен ауыстырылсын.

82-баптың 4 және 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасын Республика Президенті Парламент Сенатының келісімімен бойынша тағайындайды.

Жоғары Сот Кеңесінің мәртебесі, құрамын қалыптастыру тәртібі және жұмысын ұйымдастыру заңда айқындалады.»

83-баптың 4-тармағындағы «заңмен» деген сөздер «конституциялық заңда» деген сөздермен ауыстырылсын.

Мынадай мазмұндағы 83-1-баппен толықтырылсын:

«83-1-бап

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл адам мен азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге жәрдемдеседі, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын ілгерілетуге ықпал етеді.

Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз болады және мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға есеп бермейді.

Қылмыс орнында ұстап алынған немесе ауыр қылмыстар жасаған жағдайлардан басқа кезде, Адам құқықтары жөніндегі уәкілді өз өкілеттігінің мерзімі ішінде тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот

тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, Сенаттың келісімінсіз қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтық жағдайы және қызметін ұйымдастыру конституциялық заңда айқындалады.»

87-бапта:

1) 4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін тиісінше облыстың аумағында орналасқан мәслихаттар депутаттарының немесе республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттары депутаттарының келісімімен Республика Президенті қызметке тағайындайды.

Республика Президенті дауыс беру жүргізілетін кемінде екі кандидатураны ұсынады. Дауыс беруге қатысқан мәслихат депутаттарының көп дауысын алған кандидат олардың келісімін алды деп есептеледі.

Өзге әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдері заңда айқындалатын тәртіппен қызметке тағайындалады немесе сайланады, сондай-ақ қызметінен босатылады. Республика Президенті өзінің ұйғаруы бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметінен босатуға құқылы.»

2) 5-тармақтың екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

«Бұл жағдайда мәслихат өз депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен әкімге сенімсіздік білдіруге және оны қызметінен босату жөнінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдеріне қатысты тиісінше Республика Президентінің не өзге де әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдеріне қатысты жоғары тұрған әкімнің алдына мәселе қоюға құқылы.»

88-баптың 4-тармағындағы «Президенті,» деген сөз алып тасталсын.

91-бапта:

1) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, Республика қызметінің түбегейлі принциптері өзгермейді.»

2) 3-тармақтағы «Кеңестің» деген сөз «Соттың» деген сөзбен ауыстырылсын.

Мынадай мазмұндағы 99-баппен

толықтырылсын:

«99-бап

Конституциялық Сот және Жоғары аудиторлық палата құрылғанға дейін Конституциялық Кеңестің және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің төрағалары мен мүшелері өз өкілеттіктерін сақтайды.

Конституциялық Сот құрылғанға дейін Конституцияның 72-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделген Конституциялық Соттың функцияларын Конституциялық Кеңес жүзеге асырады.

Конституциялық Кеңестің нормативтік қаулылары Конституцияға қайшы келмейтін бөлігінде оларды Конституциялық Сот қайта қарағанға дейін қолданылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының Парламент Палаталарын қалыптастыру туралы ережелері сегізінші сайланған Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауынан бастап қолданылады.»

2-бап.

Қазақстан Республикасы Конституциясының конституциялық заңдарды және заңдарды қабылдау тәртібін, сондай-ақ Конституциялық Соттың қызметін айқындайтын ережелері 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

2023 жылдың 1 қаңтарына Мәжіліс мақұлдаған және Парламенттің қарауындағы заң жобалары заңдар болып есептеледі және Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабында белгіленген тәртіппен қаралады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының лауазымды адамдарға өкілеттіктер берудің жаңа тәртібін белгілейтін нормалары, егер Қазақстан Республикасының Конституциясында өзгеше көзделмесе, осы лауазымды адамдардың өкілеттік мерзімінің өтуіне немесе өкілеттігінің тоқтатылуына қарай қолданысқа енгізіледі.

Жоғарғы аудиторлық палатаның құрамы қалыптастырылғанға дейін Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асыруды жалғастырады.

3-бап. Осы Заң референдумның қорытындылары туралы хабарлама ресми жарияланған күнінен бастап, осы Заңның 2-бабының ережелері ескеріле отырып қолданысқа енгізіледі.

КОНСТИТУЦИЯҒА ЕНГІЗІЛЕТІН ТҮЗЕТУЛЕР БОЙЫНША БАҒЫТ-БАҒДАР

(Соңы. Басы 1-бетте).

Конституцияның 91-бабынан Тұңғыш Президенттің тәуелсіз Қазақстанның негізін салушы деген мәртебесі туралы норма алынып тасталады (Конституцияның 91-бабы 2-тармағының жаңа редакциясы).

Конституциялық реформаның нәтижесінде тиісті аумақтағы ахуалға жауапты жергілікті өкілді және атқарушы органдардың жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару өкілеттіктері кеңейеді.

Жобада Президенттің облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана әкімдері актілерінің күшін жою туралы не қолданылуын толық немесе ішінара тоқтата тұратыны туралы құзыретін жою көзделген (Конституцияның 44-бабы 3) тармақшасының жаңа редакциясы).

Сондай-ақ Президенттің аудан, қала, ауылдық округ әкімдерін лауазымынан босату туралы құзыретін алып тастау көзделген (Конституцияның 87-бабы 4-тармағының жаңа редакциясы).

Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана әкімдерінің құзыретке ие болу тәртібі де едәуір өзгереді.

Конституцияның 87-бабы 4-тармағының жаңа редакциясына сәйкес енді оларды Президент облыс аумағында орналасқан мәслихат депутаттарының немесе республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихат депутаттарының келісімімен тағайындайды.

Бұл ретте Мемлекет басшысы кемінде екі кандидатура ұсынып, дауысқа салады. Дауыс беруге қатысқан депутаттардың көпшілігінің дауысына ие болған кандидат келісім алған болып саналады.

Осылайша, жергілікті билікке қатысты Президенттің өкілеттігі азайып, ол мәслихаттардың рөлін айтарлықтай арттыру арқылы өңірлік деңгейдегі әкімдердің қолына жинақталады.

Бірқатар билік өкілеттігін қайта бөлу

Сенаттағы Президент квотасының саны 15-тен 10 депутатқа дейін азаяды. Оның бесеуін Қазақстан халқы Ассамблеясы ұсынады (Конституцияның 50-бабы 2-тармағының жаңа редакциясы).

Сенаттың өкілеттігі бірқатар құқықтармен толығырақ Атап айтқанда, Сенат Президент енгізетін Конституциялық Соттың және Жоғары Сот Кеңесінің төрағалары лауазымына кандидаттарды келісу құқығына ие болады (Конституцияның 44-бабы 4) тармақшасының, 55-бабы 2) тармақшасының және 82-бабы 4-тармағының жаңа редакциясы).

Жалпы, Конституциялық Сот (қазіргі Конституциялық Кеңестің орнына) құру арқы-



лы конституциялық бақылау жасау институты жаңғыртылады.

Конституциялық Сот 11 судьядан тұрады (қазіргі Конституциялық Кеңестің 7 мүшесі бар).

Конституциялық Соттың құрамы мынадай тәсілмен жасақталады: 6 судьяны Парламент (Мәжіліс пен Сенаттың әрқайсысы 3 судьядан), 4 судьяны Президент тағайындайды. Конституциялық Соттың төрағасын жоғарыда айтылғандай Сенаттың келісімімен Президент тағайындайды (Конституцияның 57-бабы 1) тармақшасының, 58-бабы 3-тармағы 7-тармақшасының және 71-бабының жаңа редакциясы).

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Жоғары аудиторлық палата болып өзгереді. Оның төрағасы жылына екі рет Мәжіліс депутаттарының алдында есеп береді (Конституцияның 53-бабы 2) тармақшасының жаңа редакциясы, 56-бабы 1-тармағындағы 3-1) жаңа тармақшасы). «Мемлекеттік хатшы» институты «Мемлекеттік кеңесші» институты болып өзгереді (Конституцияның 44-бабы 19-тармақшасының жаңа редакциясы). Ол Мемлекет басшысына ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеумен айналысады.

Парламенттің рөлін күшейтіп, мәртебесін арттыру

Конституциялық реформаның нәтижесінде биліктің заң шығарушы тармағы айтарлықтай өзгереді. Соның арқасында Парламенттің және оның палаталарының рөлі едәуір күшейіп, мәртебесі артады.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Президент Конституциялық Соттың және Жоғары сот Кеңесінің төрағаларын тағайындау үшін Сенаттың келісімін алады. Сондай-ақ Президент Сенатқа 15 емес, 10 депутат тағайындайтынын айттық. Оның 5-еуі Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынысы бойынша тағайындалады (Конституцияның 50-бабы 2-тармағының жаңа редакциясы).

Осы орайда Қазақстан халқы Ассамблеясының Мәжіліс-тегі квотасы Сенатқа беріледі. Оның саны 9-дан 5 депутатқа қысқарады. Соған сәйкес Мәжіліс депутаттарының жалпы саны 107-ден 98-ге азаяды (Конституцияның 50-бабы 3-тармағының жаңа редакциясы).

Мәжіліс депутаттары аралас сайлау жүйесімен, яғни пропорционалды және мажоритарлы жүйе бойынша сайланады (Конституцияның 50-бабы 3-тармағының жаңа редакциясы). Аралас сайлау жүйесі барлық азаматтың құқықтарын толық сақтауға, сайлаушылардың мүддесін қорғауға мүмкіндік береді.

Сайлаушылардың бір мандатты сайлау округі бойынша сайланған Мәжіліс депутаттарынан мандатты кері қайтарып алу құқығы енгізіледі (Конституцияның 52-бабы 5-тармағының жаңа редакциясы). Соның нәтижесінде демократия дәстүрлері нығая түседі, депутаттар мен сайлаушылардың арасында өзара жауапкершілік пен сенімге негізделген жаңа саяси мәдениет қалыптасады.

Мәжілістің құзыреті кеңейіп, республикалық бюджеттің атқарылу сапасына парламенттік бақылау күшейеді. Ол үшін, бұған дейін айтқаны-

мыздай, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Жоғары аудиторлық палата болып қайта құрылады. Оның төрағасы жылына екі рет Мәжіліс депутаттарының алдында есеп береді (Конституцияның 53-бабы 2-тармақшасының жаңа редакциясы, 56-бабы 1-тармағының 3-1) жаңа тармақшасы). Бұл Мәжілістің және жалпы Парламенттің мәртебесін одан әрі күшейте түседі.

Саяси жүйеде тепе-теңдік және тежемелік тетіктерді нығайту және заң шығару жұмысын оңтайландыру мақсатында Мәжіліске заңдарды қабылдау (бұрын заң жобаларын қараған және мақұлдаған), ал Сенатқа заңдарды мақұлдау не мақұлдамау (бұрын заңдарды қабылдаған) құзыреті беріледі (Конституцияның 61-бабы 4 және 5-тармақтарының және 62-бабы 5-тармағының жаңа редакциясы).

Парламент конституциялық заңдарды Палаталардың бірлескен отырысында, кемінде екі оқылымда қабылдайтын болады (Конституцияның 53-бабының жаңа редакциясы).

Айрықша қажеттілік туындаса, заңдарды жедел қабылдау тәртібі енгізіледі. Халықтың өмірі мен денсаулығына, конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіпті сақтауға, елдің экономикалық қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларға жедел ден қою мақсатында Үкіметтің заң шығару бастамасы арқылы енгізілетін заң жобалары Парламент Палаталарының бірлескен отырысында шұғыл қаралады. Бұл заң жобаларын қарау кезінде Үкімет заң күші бар уақытша құқықтық-нормативтік актілер қабылдай алады (Конституцияның 61-бабы 2 және 3-тармақтарын толықтыру).

Бұл тәсіл елге төнген қауіп-қатердің бетін қайтару үшін билік тармақтарының бірлескен әрі шұғыл жұмысын үйлестіруге қажет. Оны қалыпты, күнделікті жұмыс барысында қолдануға болмайды. Бұл үдеріс Парламент депутаттары мен Үкімет мүшелерінің өзара жауапкершілікке негізделген қарым-қатынасы арқылы іске асады.

Елді басқару ісіне халықтың қатысу мүмкіндігін кеңейту

Негізгі Заңда жер және жер қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі екені жайындағы норма нақты және кесімді түрде бекітілген. Меншік құқығын халықтың атынан мемлекет жүзеге асырады (Конституцияның 1-бабы 2-тармағының жаңа редакциясы).

Жоғарыда айтылғандай, Мәжіліс депутаттарын аралас сайлау жүйесімен: біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағында пропорционалды жүйе бойынша, сондай-ақ бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша сайлау

ұсынылады (Конституцияның 50-бабы 3-тармағының және 51-бабы 1-тармағының жаңа редакциясы). Сондай-ақ бір мандатты аумақтық сайлау округі бойынша сайланған Мәжіліс депутаттарының мандатын кері қайтарып алу мүмкіндігі пайда болады (Конституцияның 52-бабы 5-тармағының жаңа редакциясы).

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін Президент өңірдің (қаланың) мәслихаттарының барлық депутаттың келісімімен және баламалы негізде (кемінде екі кандидатура ұсынылады) тағайындайтын болады (Конституцияның 87-бабы 4-тармағының жаңа редакциясы). Осылайша, белгілі бір өңірдің дамуына жауапты жергілікті өкілді және атқарушы органдар жүзеге асыратын мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару ісіне берілетін кепілдік нығая түседі.

Азаматтардың құқықтарын қорғау тәсілдерін жетілдіру

Жоғарыда баяндағанымыздай, Конституциялық Кеңес Конституциялық Сот болып қайта құрылады. Конституциялық Сот азаматтардың өтініштері бойынша олардың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына тікелей қатысты Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің Республика Конституциясына сәйкестігін қарайтын болады (Конституцияның 71-74-баптарының жаңа редакциясы).

Өлім жазасын жою туралы шешім конституциялық деңгейде түпкілікті бекітіледі (Конституцияның 15-бабы 2-тармағының жаңа редакциясы).

Прокуратураның құзыреті, оның жасақталуы мен қызмет тәртібі Конституциялық заңмен белгіленеді (Конституцияның 83-бабы 4-тармағының жаңа редакциясы). Бұл құқық қорғау қызметінің жүйелі жұмыс істеуін және заңда белгіленген тәртіпке сәйкес мемлекет атынан Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуын қадағалауды күшейтеуге тиіс.

Конституцияның жаңа 83-1-бабының нормалары Адам құқықтары жөніндегі уәкілге иммунитет береді. Ол азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғау кезінде қандай да бір өзге мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға тәуелді болмайды, ешкімге есеп бермейді. Ол өз жұмысында Конституциялық Сотқа жүгіне алады. Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтық мәртебесі мен қызметін ұйымдастыру Конституциялық заң арқылы айқындалады.

Осылайша, конституциялық реформа азаматтардың елді басқару ісіне қатысу мүмкіндігін арттырады және саяси үдерістерді шын мәнінде демократияландырады деп толық сеніммен айта аламыз.

Дәрігердің парасатты жолы



«Бақыттың мәні-парасаттылықта, әркімнің өз алдына игілікті мақсат қоя білуінде, ол мақсатпен кездейсоқ рақат үшін емес, адамның өз мінез-құлқын, іс-әрекетін ерікті түрде өзгертіп, ізгілікке бағыттан отыруында» деп ұлы ойшыл Әл-Фараби парасаттылық қасиетінің мағынасын ашып көрсеткен болатын.

Жақында аудандық «Мыңжылқы» мәдениет сарайында «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің 35 жылдығына орай Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің үздігі, Созақ ауданының Құрметті азаматы, Бүркіт Арынбековтің өмір жолын, өнегелі ісін дәріптеуге арналған «Парасатты жол» атты кездесу кеші өткізілді. Кешті ұйымдастыруға аудандық ардагерлер кеңесі мен әжелер алқасы ұйытқы болды. Бүркіт Арынбеков хирург-дәрігер болып денсаулық сақтау саласында ұзақ жылдардан бері қызмет етіп келеді. Қазір зейнет жасында болса да жастарға ақыл-кеңесін беріп жүр.

Бүркіт аға еңбек жолында өзінің парасатты жолын қалыптастырды. Ол кісінің бойында парасаттылық қасиеттің барлығы бар. Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің үздігі «Қазақстан Республикасының

Қабылбек Еспенбетов кеш иесіне игі тілегін арнады. Адам өміріне араша түсетін дәрігерлік мамандықты таңдау үлкен жауапкершілікті жүктейді. Себебі дәрігер адам анатомиясын өте терең білумен қатар, кез келген жағдайдағы науқастан жиренбейтін, қаннан қорықпайтын, адам тағдырына немқұрайлы қарамайтын, қандай жағдайға болсын төзімді, жүйкесі мықты жан болуы керек.

Бүркіт Арынбеков-осындай қиын да жауапкершілігі мол мамандықты әбден меңгерген азамат. Өзі қызмет еткен медицина саласында талай шәкірт тәрбиеледі. Оларға білгенін ерінбей, жалықпай үйретті.

Кездесу барысында шипагердің ізбасар шәкірттері аудандық медицина бірлестігінің бас дәрігері Бақытжан Мырзагелдиев, Бижігіт Қасымқұлов сөз алып, ұстаздары жайлы жүрек жарды ыстық ықыластарын жеткізіп, кеш иесінің иығына шапан жапты. Келесі болып сахна төріне көтерілген ауданға белгілі ақын, драматург, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, құрметті ұстаз Байділда Айдарбеков Бүркіт Арынбеков ағамыздың жазушылық қырына тоқталып, ол кісінің қаламынан туындаған кітаптың көркем әрі шынайы жазылғанын айтты. Сондай-ақ, кітап авторына алдағы кезде де шығармашылық табыс тіледі. Ардагерлер атынан сөз алған Анарбай Шәдібеков те парасатты жол иесіне ақжарма тілегін арнады.

Бұдан соң кешке жиналған жастар жазушы-дәрігерге өздерінің көкейлерінде жүрген сауалдарын қойып, тұщымды жауаптар алды. Жарты ғасырдан астам уақыт медицина саласында қызмет етіп келе жатқан Бүркіт Арынбеков ағамызды қалай мақтаса та, ағамызбен қалай мақтансақ та жарасады. Осынау мерзім ішінде дәрігер ағамыз қаншама адамды ажал аузынан алып қалды. Көптеген жанға өзінің қызметін көрсетті. Аудан көлемінде ол кісінің алдын көрмеген адам аз десек артық



Тәуелсіздігіне 10 жыл» «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл», «Еңбек ардагері» және «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» медалдармен марапатталған. 1994-1998 жылдары аудандық мәслихаттың, 1999-2003 жылдары облыстық мәслихаттың депутаты болып сайланған. Созақ ауданының «Құрметті азаматы». Жоғары санатты хирург-дәрігер, «Қандауыр» кітабының авторы.

Адам жанының арашашысы болған абзал азаматтың «Парасатты жол» кездесу кешінде аудан әкімінің орынбасары Бағдат Айдарбеков ақ тілек, жылы лебізін білдірді. Қариясы бар елдің қазынасы бар. Халқымызда ақсақалды қарияларды көпті көрген, ақыл тоқтатқан ел сыйлысы, қазынасы деп құрмет тұтқан, қадірлеген! Асыл қарттарымыз- ұлы бәйтерек болса, жас ұрпақ соның бүршігі демекші келесі сөз кезегін алған аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, ауданның «Құрметті азаматы»

айтқандық болмас, сірә. Қолынан келген емін жасап, талай жанды аяғынан тұрғызды. Шипагерлік қызметін мінсіз атқарып келеді.

Алматыда, Шымкентте хирург-дәрігерлер: «Созақта Бүркіт Арынбеков деген дәрігер бар, білесіз бе?» деп әуелі Бүркіт ағамызды айтады. Бұл сөзді естіп біз марқайып қаламыз. Бүркіт ағамыздың дәрігерлікке қоса екінші қыры жазушылығы. Ағамыздың шығармашылығынан туған кітабы Жамбыл, Алматы, Қызылорда, Түркістан облысына тарап, оқырмандардың ыстық ықыласына бөленген.

Кездесу кешін хирург-дәрігер Бүркіт Арынбеков мағыналы да мәнді сөзімен қорытындылады.

Хирург-дәрігердің парасатты жол кешін аудандық мәдениет сарайының өнерпаздары әсем әндермен әспеттеді.

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.

«AMANAT» партиясы



Филиалдың атқарушы хатшысы тағайындалды

«AMANAT» партиясының аудандық филиалы ғимаратында аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтің қатысуымен мәжіліс өтті. Аудан әкімі партияның Созақ ауданы филиалының атқарушы хатшысы болып тағайындалған Ернар Сағындықты таныстырды. Жиын барысында Мұхит Тұрысбеков аудандық партия жанынан референдумды қолдау бойын-

ша құрылған штабтың атқарылуы тиіс жұмыстарын атап өтті. «AMANAT» партиясының референдумға байланысты жұмыс кестесін таныстырды. Осындай маңызды сәтте, партия мүшелерін бірлесе жұмыс атқаруға шақырды.

«Созақ үні»-ақпарат.

Ауыл әкімі есеп берді

Мамыр айының бесінші жылдызы күні Созған ауылдық округі Қозмолдақ елді мекенінің тұрғындары мен мекеме басшылары, ардагерлер кеңесінің қатысуымен есеп беру жиналысы болып өтті. Ауылдық округі әкімі Нұртан Хайырқұл Мейірбекұлының 2022 жылдың I-тоқсанында атқарылған жұмыстары мен алда тұрған міндеттері туралы есебі тыңдалды. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша жиналысты ауылдық округі әкімі Х.Нұртан ашып, жүргізіп 2022 жылдың I-тоқсанында атқарылған жұмыстар және алда тұрған міндеттер туралы шағын хабарлама жасап өтті. Хайырқұл Мейірбекұлы өз хабарламасында салалар бойынша атқарылған жұмыстарға талдау жасай келіп, жіберілген кемшіліктерді талдап, оның себептеріне тоқталды. Сонымен қатар алда тұрған мәселелерге халықтың назарын аударды. Жиын барысында Қозмолдақ елді мекенінің тұрғыны Дінахов Есенгелді бір-екі жылдың көлемінде Қозмолдақ ауылындағы орталық көшелеріміз жарықтанып, түнгі уақытта ауылымыздың ажарын аша түсуде. Сондай-ақ біздің Т.Төреханов көшесіне көше жарығы қашан тартылады екен десе, Қозмолдақ елді мекенінің тұрғыны Күзенбаев Мұхит «ауылы-

мыздағы ветеринарлық мал дәрігерлеріне қатысты еді. Ертеректе сырғаланған малдарымыздың таңбаланған сырғасы түсіп қалған, сондай-ақ базаға енгізілмей қалған. Жалпы осы малдарымызды сырғалап, бірыңғай тіркеу базасына тіркеу жұмыстарын ертерек бастасаңыздар жақсы болар еді» деді. Жиналысты ауылдық округ әкімі Х.Нұртан қорытындылап, жиын барысында қойылған сұрақтарға орай, ауыл тұрғыны Е.Дінаховтың көше жарығына байланысты қойылған сауалына қазіргі таңда Т.Төреханов көшесіне көше жарығымен жарықтандыру үшін, жобалық сметалық құжаттамасы әзірленіп жатқандығын, сондай-ақ ЖСҚ дайын болған соң, аудандық бюджеттік комиссияға ұсынылатынын айтып өтті. Сондай – ақ елді мекендегі тұрғындардың иелігіндегі малдарды ветеринарлық тіркеу базасына қатысты тіркеу жұмыстарын жүргізу бойынша ауылдық округке қарасты ветеринарлық бөлімшенің бас мал дәрігеріне тапсырма беріп, тіркеу жұмыстарын жеделдетуді тапсырып, сәйкесінше тиісті жауапты айтып түсіндіріп өтті.

«Созақ үні»-ақпарат.

Құттықтау

Ардақты аға, мерекеңізбен!

Құрметті соғыс және еңбек ардагері Жылысбаев Мырзахмет аға! Сізді 9 мамыр – Жеңіс мейрамымен құттықтаймын! Сіз Ұлы Отан соғысындағы ерлігіңізбен де, бейбіт күндердегі жас ұрпаққа тәрбие берудегі ерен еңбегіңізбен де, мағыналы өміріңізбен де Созақ ауданының жастарына үлгі-өнеге көрсетіп келесіз. Өзіңіз көп жылдар бойы Құрал Рүстемов атындағы мектепте директорлық қызмет атқарып зейнетке шыққан кезде маған сол директорлық қызметті ризалықпен тапсырып, соғыстың және еңбектің қос ардагері Шеріпбаев Сайлаубай екеуіңіз



көпті көрген қариялықтарыңызды білдіріп баталарыңызды беріп едіңіздер. Мен қызметім өсіп, биіктерге көтерілген сайын Сіздерді үнемі еске алып, мақтан тұтамын. Созақ ауданының қадірлі ақсақалы Мырзахмет аға Сіздің Алланың берген ғұмырын жасай беруіңізге тілектеспін!

Жабал Алшынбекұлы ШОЙЫНБЕТ, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті «Хәкім

Абай» ғылыми-зерттеу орталығының директоры.

Жалпы, Теріскей түрлі таланттарға бай өлке екені талассыз. Қазыналы, қарт Қаратаудың қойны пайдалы қазбаларға қандай бай болса, Теріскейдің төсі де тума таланттарға сондай толы. Ақын мен әнші, жазушы мен жыршы және күйші кені есептелетін сырлы Созақтан спорт саңлақтары да аз шықпаған. Олар жайында «Созақ үні» газеті қара шаңырағын иеленіп отырған, 90 жылдан астам тарихы бар аудандық басылым жүз жылға жуық уақыттан бері жазып та жарнамалап та келеді. Бүгін де сол үрдіспен Созақтың сақа, саңлақ спортшыларының бірі де бірегейі Әкбар Елубайұлы ініміз жайлы сөз етпекпіз. Байқасаңыздар, Әкбар Елубайұлын Созақ спортындағы саңлақ спортшылардың бірі әрі бірегейі деп таныстырдым. Бірі дейтінім, Әкбарға дейін де Созақта саңлақ спортшылар көп болған, бола да бермек. Бірегейі дегенім, Әкбар «Джиуджитсу» спортымен әуестеніп, кәдімгідей жетістіктерге жеткен санаулы, бәлкім жалғыз жеңімпаз ұлымыз. Қазіргі



пион боп оралудан үмітім бар.

- Артыңнан ерген жасөспірім іні-қарындастарыңа нендей насихат айтар едің?

- Ізімнен ерген іні- қарындастарыма айтарым: «Денешынықтырумен, спортпен айналысыңдар. Спорт адамның тәнін ғана емес, жанын да тәрбиелейді. Нақтырақ айтсам, спорт кісіні ұқыптылыққа, жауапкершілікке, шыдамдылыққа, сабырлылыққа тәрбиелейді. Спортпен шынайы айналысқан адам бойын жаман, бұзық істерден аулақ ұстайды. Сосын, қазақта: «Білекті бірді, білімді мыңды жығады!» деген қанатты сөз бар ғой. Демек, жастарымыз білекті болумен қатар, білімді болулары да керек. Ол үшін әрине, көп кітап оқу қажет.

- Осы орайда, өзің қандай кітаптар оқыдың және жастардың қандай кітаптар оқуына кеңес берер едің?

- Менің кітап оқуға қызығушылым кеш оянды. Осы спортпен айналысып жүріп, кітап оқу спортшыға көп

Созақтың саңлақ спортшысымен сұхбат

таңда, Әкбар Елубайұлын тек Созақ немесе Қазақ жұртшылығы ғана емес, алты Алаш таниды десек, артық айтқандық болмас. Бұған себеп, біріншіден, Әкбардың «Джиуджитсудан» әлем чемпионы атануы. Екіншіден, Әкбар қазіргі заманның жетістігі, әлеуметтік желілерді өзінің игілігі үшін әдемі пайдалана алып жүр. Яғни, «Facebook» және «Instagram» сынды танымал әлеуметтік желілерден өзінің парақшаларын ашып, әрі өзін жақсы жағынан жарнамалауды шебер меңгеріп алған. Әрине, мұның әуелі кейіпкеріміздің танылуына зор ықпалы болса, кейін, келешек ұрпақтың тәнін ғана емес, жанын да тәрбиелеуде көп пайдасы тиіп жүр. Міне, осындай бір ізгі іс жуырда, барша мұсылман үмметі үшін қастерлі Рамазан айында орын алды. Нақтырақ айтсам, Сәуір айында күні аудан орталығы Шолаққорғандағы Нәзір Төреқұлов атындағы ІТ мектеп лицейінде Созақтың саңлақ спортшылар Әкбар Елубайұлы, Дәурен Дәмен және Қобыланды Орынбасармен оқушылар арасында кездесу болып өтті. Сол сыр сұхбатқа арнайы келген сақа спортшы Әкбар Елубайұлымен «Созақ үні» газетінің тілшісі ретінде аудандық «Мыңжылқы» мәдениет үйінің балалар кітапханасында жолығып, сұхбаттасқан жайым бар еді. Сол сұхбатты сіздердің, оқырмандарымыздың назарына ұсынып отырмын! Сонымен, Теріскейдің тумасы, Джиуджитсудан әлем, Еркін күрестен Азия чемпионы, қазақтың қошқарын иыққа салып көтеруден Қазақстан Гиннестер кітабына енген жерлесіміз Әкбар Елубайұлына қойылған сұрақтар топтамасы мынадай еді:

- Әкбар әуелі, алтын уақытыңды бөліп, барша Созақтықтардың үні болған газетімізге сұхбат беруге келіскенің үшін алғысымызды білдіріп, рахметімізді айтамыз. Кейін, өзіңді аудан жұртшылығының көпшілігі таниды, білесің. Дегенмен, Теріскей жұрты бейбіт уақыттағы сақа спортшысы, әлдеқандай заман болғанда батыры болуға лайық жан жайлы кеңінен біле жүрсе оның еш сөкетігі жоқ шығар. Сол себепті де өзің, отбасың мен өмірің жайлы көрермендерімізге қысқа-нұсқа мәлімет бере отырсаң!

- Біріншіден, сіздерге де көп рахмет, «Созақ үні» газетіне сұхбатқа шақырғандарыңызға. Екіншіден, өзіңіз айтып өткендей, мен осы

Теріскейдің тумасымын. Әкем Асқаров Елубай, анам Жанмолдаева Фалия Шолаққорғаннан шыққан, қазіргі таңда шырайлы Шымкент қаласында тұрады.

- Әкбар, сені Созақ халқы алғаш палуан ретінде, қазақша күреспен шұғылданушы ретінде таныды. Осы ретте, өзіңнің спорттың осы түріне (күреске) келуіңе кім және не себеп болды?

-Орынды сұрақ! Шынында, мені сегіз жасымда спортқа, күреске жетелеп алып барған өзімнен үлкен ағам Нұрғали Елубайұлы. Бізбенен көрші тұрған Бейсенбаев Бақытжан деген Нұрғали ағамның қатары, досы бар еді. Бақытжан ағам аудандық Балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт мектебінде еркін күрестен жаттықтырушы болып жұмыс істейді. Нұрғали ағам қолымнан жетектеп апарып, сол Бақытжан ағаға тапсырды.

- Әкбар, осы жерде сөзіңді бөлейін, сені танитындар: «Әкбар бала күнінде толық болатын, спорт оны ширатты»- деп жатады. Осы сөз қаншалықты рас?

-Иә, бала күнімде кәдімгідей толық болғанмын. Нұрғали ағамның мені алғашқы жаттықтырушы Бақытжан ағаға әуелі осы себептен апарған. Кейін барып, өзі спортпен, оның ішінде күреспен айналысқандықтан өзінің жолын қусын десе керек. Маған алғашқы спорттық киімдерді де сол Нұрғали ағам әперген. Жалпы, менің ауылдың көшесінде асыр сап ойнап жүрген, денесі топ-толық баланың күреске қызығушылығымды оятқан Бақытжан ағам. Кейін, сол қызығушылығымның өмірлік жолыма ұласарын ол уақытта кім біліпті. Сөйтіп, әуесқой спорттан кәсіби спортқа қалай келгенімді өзім де сезбей қалдым. Қазір қарап отырсам, менің тағдырыма жазылғаны осы екен ғой. Демек, «Жазмыштан, озмыш жоқ» дегенді айтқан аталарымыз жаңылмаған боп тұр ғой.

- Осы орайда спорттың адамның, баланың дене тәрбиесі мен тұлға боп қалыптасуындағы рөлі қандай?

-Енді, спорттың, оның ішінде күрестің адамның денесін тәрбиелеудегі рөліне мысал ретінде менің өмірімді алып қарай беріңіз. Ауылдың топ-томпақ баласы едім, бүгінде, тау-тұлғалы, шымыр денелі, алпамсадай азамат боп шыға келдім. Ал, енді баланың тұлға боп

қалыптасуына спорттың септігі жайлы айтар болсам, жай ғана мысал, 90 жылдық тарихы бар аудандық басылым «Созақ үні» газетінің қалың оқырманына сұхбат беруімнің өзі сол спорттың арқасында деп білемін. Әйтпесе кім біледі, Нұрғали ағам қолымнан жетелеп жеткізбегенде, Бақытжан ағам балуандыққа баулымағанда бәрі басқаша болар ма еді?

- Жалпы спортты, оның ішінде еркін күресті тастап, бүгінде жекпе-жек түрі джиуджитсуды таңдауыңа не себеп болды?

Сосын енді бұл спорт саған не берді және сен өзің Қазақ, Созақ спортына не бере алдың?

-Әуелі, спорт маған не берді дегенге келсек! Менің ең алғашқы жетістігім, 2009 жылы 9 жасымда еркін күрестен аудан және облыс біріншіліктерін ұттым. Бұл менің облыстағы жаттықтырушылардың көзіне түсіп, Шымкент қаласындағы Бекзат Саттарханов атындағы дарынды балалар спорт мектебінің түлегі атануыма тікелей септігін тигізді. Мұнан кейін үлкен спортқа келіп, жасөспірімдер арасында Қазақстан, Азия және әлем чемпионаттарына қатыстым. Алғаш рет жастар арасында Монғолияның Ұлан-Батор қаласында өткен еркін күрестен азия чемпионатында екінші орын алдым. Сондай-ақ, еркін күрестен ер сектер арасында Қазақстан чемпионы атандым. Менің үлкен өкінішіме орай, сол Моңғолияда өткен чемпионатта алған жарақатым менің еркін күрестен қол үзуіме себеп болды. Дегенмен, екі-рет иығымнан ота алғанымға қарамастан спортты мүлдем тастап кетпедім. Тек, еркін күрестен ережесіз жекпе-жекке, оның ішінде «Джиуджитсу» спорт түріне ауыстым.

- Еркін күрестен спорттың жекпе-жек түріне өтуіңізге себебін түсіндік. Енді сол джиуджитсуға келгеннен кейінгі, яғни, күні бүгінге дейінгі жетістіктерің жайлы айта отырсаң?

-Джиуджитсудан да жеткен жетістіктерім жаман емес, күні бүгінге дейін әуесқойлар арасында әлем чемпионы атанып үлгердім. Алдағы, Мамыр айының 12-15 аралығында Испания мемлекетінің астанасы Мадрид қаласында өтетін джиуджитсудан Еуропаның ашық турнирі өтеді. Сол жарысқа дайындықты бастап та кеттім. Бұйыртыса, ол жақтан да чем-

нәрсе беретінін ұқтым. Жалпы, жастарды өзіміздің ұлтымыздың өткенінен сыр шертетін тарихи кітаптарды, классикалық шығармаларды және пайғамбарлар қиссасы мен сахбалар өмірі жайлы оқуға шақырар едім. Аталарымыз айтқан екен ғой: «Шынайы күш ақылда, ал, артық ақыл кітапта» деп. Сол себепті де кітап оқыған адамның дүниетанымы кең, ойлау қабілеті ерекше болады. Сондай-ақ, кітап оқыған адаммен әңгімелесудің өзі әсерлі ғой. Тағы да кітап өзіңнің қателіктеріңмен және кемшіліктеріңмен жұмыс істеуге, тұлға боп қалыптасуың үшін жақсы ұстаз. Ал енді, өзімнің алғаш оқыған кітабым әлем әдебитінен бастадым. Білесіз, қазіргі таңда психологиялық тұрғыда көптеген кітаптар жарияланып жүр. Сондай кітаптардан Джон Кеханның «Подсознание может все»; Хидошичи Ятомидың «Самурай без меча» кітаптарын оқыдым. Қазіргі таңда батыр атамыз Бауыржан Момышұлының Александр Бекпен бірлесе жазған «Волколамское шоссе» деген кітабын оқып жатырмын.

- Әкбар Елубайұлы! Алтын уақытыңды бөліп сұхбат бергенің үшін саған көп рахмет!

Сүйінші ағайын! Әкбар Елубайұлымен сұхбатымды гезетке дайындап жатқанда кейіпкерім Испания елінде өткен ережесіз жекпе-жекпен Еуропа біріншілігіне қатысып, чемпион атанды. Мақаланың тақырыбында айтылғандай, Созақтың саңлақ спортшымыз кәріқұрлықтың қақ төрінде, Мадрид қаласында байрақты бәсекеде жеңімпаз атанып, Қазақстанның көк байрағын жоғары көтеріп, әнұранын Испания аспанында асқақтатып қайтты. Тек, әнұранымызды ғана емес, Қазақтың, Созақтың мерейін асқақтатты. Бұрындағы еркін күрестен Азия чемпионатының күміс жүлдегері, Джиуджитсудан әлем чемпионы, Панкратионнан әлем біріншілігінің күміс жүлдегері деген жеңістеріне ендігі жерде Еуропа чемпионатының жеңімпазы деген атағы тағы қосылды. Ендеше, Теріскей толағайының тағы бір кезекті жеңісі жалпы Қазақ, Созақ жұртына құтты, баянды болсын. Балуан, батыр бауырымыздың белі бүгілмесін, сағы сынбасын деп үнемі биіктерден көрінуін тілейік!

Сұхбаттасқан: Данияр БЕК.

